ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технология кафедрасы

Сандибекова А.Ж.

Бәсеңдеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалау және қақпақты механикалық өңдеу технологиясын жасау.
Жылдық шығару бағдарламасы N=40000

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В071200 – «Машина жасау» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технология кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл.канд-ты
_____ А.Т.Альпеисов
«17» _____ 2019ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ ДИПЛОМА

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Бәсеңдеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалау және қақпақты механикалық өңдеу технологиясын жасау. Жылдық шығару бағдарламасы N=40000»

5В071200 – «Машина жасау»

Орындаған Сандибекова А.Ж.

Пікір беруші
техн. ғыл.канд-ты,
профессор ЕТУ
У.Б.Байтукаев
«17» 05 2019ж.

Ғылыми жетекші
техн. ғыл.канд-ты
А.Т.Альпеисов
«15» 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы кафедрасы

5В071200 – «Машина жасау»

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд-ты
А.Т.Альпеисов
«06» 12 2018ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы *Сандибекова Айгерим Жамбылқызы*
Тақырыбы *«Бәсеңдеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалау және қақпақты механикалық өңдеу технрологиясын жасау. Жылдық шығару бағдарламасы N=40000»*
Университет ректорының *«06» қарашаның 2018ж. № 1252-б бұйрығымен бекітілген*
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі *«20» мамыр 2019ж.*
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері *бұйымның құрастыру сызбасы, тетіктің жұмысшы сызбасы, маршруттық – операциалық карталар, тетіктің жылдық шығару бағдарламасы, диплом жоба алдындағы практиканың мәліметтері, тетіктің техникалық сипаттамасы*
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) бәсендеткіштің құрастыру технологиясы; б) қақпақтың механикалық өңдеудің технологиялық үрдістері; в) металлкескіш станоктың қондырғысын жобалау; г) ұйымдастыру бөлімі; д) қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі; е) жобаның экономикалық тиімділігін есептеу
Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
бұымның құрастыру сызбасы – 1А1; бұымның жинактау сызбасы – 1А2; тетіктің жұмысшы сызбасы және дайындаманың сызбасы – 1А1; технологиялық баптаулар – 2А1; металлкескіш станоктың қондырғысының сызбасы– 1А1; механикалық құрастыру бөлімінің жоспары – 1А1.
Ұсынылатын негізгі әдебиет *20 атау*

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, Қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	14.02.9ж. – 27.03.19ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	28.03.19ж. – 02.04.19ж.	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кенесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кенесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Ж.Н.Абылқайыр, тьютор	15.06.19г.	

Ғылыми жетекші _____ А.Т.Альпеисов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы_____ А.Ж.Сандибекова

Күні « 11» ақпан 2019ж.

АҢДАТПА

Берілген дипломдық жобада жетектің құрастырылуы және сериялық өндірісте механикалық қақпақты өңдеудің технологиялық процессті жобалаудың жалпы көрінісі қарастырылады. Алынған мәліметтерге сай құрастыруға,өңдеуге техникалық талаптардың анализі жүргізіледі. Берілген сериялы өндіріске сай өндірістің типі анықталынады. Тораптың құрастырылуының технологиялық сұлбасы жасалынады, тетіктің жеке беттерінің маршрутты өңделуі және оны жалпы өңдеудің операционды технологиялар жасалынады. Тетік өңдеуінің технологиялық процессін жобалаудың жолында технологиялық процессті нормалау орындалады.

Жоғарыда аталып кеткендермен бірге өндірісті ұйымдастыру бөлімінің тақырыбы қарастырылады.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассмотрена общая картина проектирования технологического процесса сборки привода и механической обработки крышки в серийном производстве. На основе имеющихся данных проводится анализ технических требований на сборку и обработку. С учетом заданной программы выпуска определяется тип производства, производится выбор и обоснование метода изготовления заготовки. Разрабатываются технологические схемы сборки узла, так же маршрута обработки отдельных поверхностей детали и операционной технологии обработки ее, в общем. В ходе проектирования технологического процесса обработки детали, выполняется нормирование тех.процесса, определяется трудоёмкость изготовления детали и общей трудоёмкости изготовления изделия.

На фоне всего перечисленного затрагивается тема организационной части, производства.

ANNOTATION

In this thesis project examined the overall picture of the process of designing and assembling the drive cover machining in mass production. On the basis of the available data the analysis of technical requirements on assemblage and processing is carried out. Taking into account the set program of release the manufacture type is defined, the choice and a substantiation of a method of manufacturing of preparation is made. Technological schemes of assemblage of knot, as route of processing of separate surfaces of a detail and operational technology of its processing, in general are developed. During designing of technological process of processing of a detail, rationing is carried out, labour input of manufacturing of a detail and the general labour input of manufacturing of a product is defined.

Against all listed the theme of an organizational part, manufacture is mentioned.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 7
1 Технологиялық бөлім 8
1.1 Бұйым құрастырудың технологиялық процесін жобалау 8
1.2 Тетік технологиялылығының анализі 8
1.3 Өндіріс типін анықтау 11
1.4 Бұйым өңдеу операциясы кезінде технологиялық базаларды таңдау 12
1.5 Механикалық өңдеу кезінде әдіпті есептеу 12
1.6 Машиналық уақыт пен кесу режимін анықтау есебі 13
1.7 Бастапқы дайындаманы таңдау 22
1.8 Техникалық уақыт нормасын есептеу 25
1.9 Қондырма сипаты мен есебі 30
2 Ұйымдастыру бөлімі 32
2.1 Өндірістің негізгі жабдықтардың санын анықтау 32
2.2 Цех жұмысшылары саны мен құрамын анықтау 32
2.3 Механикалық бөлім ауданын анықтау 33
2.4Механикалық бөлімнің көмекші бөлігі ауданын анықтау 33
2.5 Материалдар мен дайындамаларды сақтайтын қойманың ауданы 33
2.6 Құрал- жабдық қоймасының ауданы 34
2.7 Құрастыру бөлімінің ауданын есептеу 34
2.8 Механикалық құрастыру бөліміндегі жұмысшылар санын анықтау 34
Қорытынды 36
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 37

КІРІСПЕ

Өндірістің тиімділігі, оның техникалық прогресі, шығарылған өнімнің сапасы, негізінен, жаңа жабдықтарды, машиналарды, станоктар мен құрал-жабдықтарды шығаруға сондай-ақ конструкторлық және технологиялық сұрақтарды қамтамасыз ететін әдістерді жан-жақты енгізуге байланысты. Ғылыми-техникалық революцияны жүзеге асыруда машина жасау саласы басты, өзекті рөл атқарады.

Машина жасауда өндірісті комплексті автоматтандыруға арналған машиналармен қазіргі сенімді және тиімді жаңа жүйелер құрылып, игерілді. Бұл қолмен жұмыс істеуді аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

Алдыңғы қатарлы технология кешенін механикалау процесі мен металлкескіш станоктарды өндіру процесін жобалау және енгізу тиімділігі өндірістің кең дамыған мамандандырылуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Өндірісітік процестерді жобалаудың инженерлік әдістерін толықтай игере алатын маман кадрлері даярлауда осы мәселелердің барлығын жолға қоюдың маңыздылығы зор.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, берілген дипломдық жобада жетектің құрастырылуы және сериялық өндірісте жетек қақпағын өңдеу технологиялық процессін жобалаудың жалпы көрінісі қарастырылады. Тораптың құрастырылуының технологиялық сұлбасы жасалынады, сонымен қатар тетіктің жеке беттерінің маршрутты өңделуі және оны жалпы өңдеудің операционды технологиялары жасалынады. Тетік өңдеуінің технологиялық процессін жобалаудың жолында технологиялық процессті нормалау орындалады.

Бірінші технологиялық бөлімде тетіктің технологиялығының сапалық және сандық талдау жасалған. Соның нәтижесінде өндіріс типі, бастапқы дайындама, технологиялық база және әдіп өлшемдері таңдалып, машиналық уақыт пен кесу режимдері анықталады. Сонымен қатар, жобаның бұл бөлімінде операциялардың техникалық уақыт нормалары есептеліп, қондырманың сипаты мен есебі берілген.

Жобаның екінші бөлімі – ұйымдастыру бөлімінде жабдықтардың саны, цех жұмысшылары мен олардың құрамы, механикалық бөлім мен көмекші бөлім, материалдар мен құрал-жабдықтар сақтайтын қойма, құрастыру бөлімі мен оның жұмысшылар саны толықтай қарастырылған.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Бұйым құрастырудың технологиялық процесін жобалау

ЦДН- 5 типті бәсеңдеткіш машина жасау өндірісінде кеңінен қолданылады. Барлық жетектер тезжүргіштік (кіру) және баяу жүргіштік (шығу) білігіне ие. Кең диапазонда қолданылуына байланысты олар қажетті барлық талаптарға жауап береді.

Конструкциясы мен жетектің жұмыс істеуіне байланысты қажетті топтар мен түрлерге бөлінеді: цилиндрлі, бір-, екі-, және үш- сатылы жетек, конусты-цилиндрлі екі- және үш- сатылы жетек.

Мұндай жетектер механизмдерде жұмыс жасағанда бір уақытта айналу жиілігін кішірейтіп, айналу моментін үлкейтіп және периодты немесе үздіксіз жұмыс істей алады.

1.2 Тетік технологиялылығының анализі

МЕСТ 14205-84 бойынша бұйым конструкциясының технологиялылығы бұл пайдалану барысында, жөндеу және өндіріс кезіндегі берілген сапа көрсеткіштері, шығару көлемі мен жұмыс істеу шарттары үшін тиімді шығанға бейімділігін анықтайтын бұйымдардың құрылымдық қасиеттерінің жиынтығы болып табылады [1].

Технологиялылықты сандық бағалау. Технологиялылықты сандық бағалау МЕСТ 14201-84Е бойынша анықталады. Өңдеу дәлдігі 1,2-кестелерде көрсетілген.

Технологиялылықты сапалық бағалау. Бұйым технологиялы болып саналады, себебі:

- Өңделетін беттер негізінен ашық және кескіш құралды өткізуге қолайлы;
- Шойын СЧ20 материалы жоғарғы аққыштық, орташа сызықтық отыру қасиеттеріне ие және жарықша пайда болуға бейім- бұл пішіні және өлшемдерімен дайын тетікке барынша жақын дайындама алудың рациональды тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді, демек металды қолдану коэффициенті жоғарылайды және тетікті механикалық өңдеудің еңбек сыйымдылығы азаяды;
- Металл қатты және берік болғандықтан ең өнімді кесу режимдерімен өңдеуге мүмкіндік береді;
- Соңғы өңдеуді өзара осьтік, симметриялық ээне параллельдік шарттарымен байланысқан барлық беттерді бір базадан өңдеуге мүмкіндік береді;

Технологиялық сандық бағалау. Технологиялылықты сандық бағалау

МЕСТ 14201-84Е бойынша анықталады. Өңдеу дәлдігі 1,2- кестелерде көрсетілген.

Қақпақ құрылымының технологиялылығын келесі тәсілмен анықтауға болады:

Өңдеу квалитетінің ең үлкен мәні: 14

Өңдеу дәлдігі 1-ші кестеде көрсетілген.

1- Кесте – Тетікті өңдеу дәлдігі

Квалитеттер	14	12	10	9	8	Барлық бет саны
Беттер саны	6	19	2	2	3	32

Тетік беттерінің кедір- бұдырлығы 2-ші көрсетілген.

2-Кесте – Тетік беттерінің кедір-бұдырлығы

Кедір-бұдырлық,R_a	80	50	25	20	12,5	6,3	3,2	1,6	Барлық бет саны
Беттер саны	6	2	2	10	8	3	3	3	32

Өңдеу дәлдігінің коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$К_{т.ч.} = 1 - \frac{1}{А_{ср.}} \quad (1.1)$$

мұндағы, $А_{ср.}$- дәлдіктің орташа квалитеті, келесі формуламен анықталады:

$$А_{ср.} = \frac{П_1 + 2П_2 + К + 19П_{19}}{\sum_{i1}^{N} П} \quad (1.2)$$

мұндағы, П- тетікті өңдеу беттерінің саны.

$$А_{ср.} = \frac{6 * 14 + 19 * 12 + 2 * 10 + 9 * 2 + 8 * 3}{32} = 11{,}68$$

$$К_{т.ч.} = 1 - \frac{1}{11{,}68} = 0{,}91$$

Дәлдік коэффициенті 0,91>0,8 болғанлықтан, бұйым технологиялы.

Кедір-бұдырлық коэффициенті төменгі формуламен анықталады:

$$К_{ш} = 1\frac{1}{Б_{ср.}}\ , \quad (1.3)$$

мұндағы, $Б_{ср.}$– беттің орташа кедір-бұдырлығы:

$$Б_{ср.} = \frac{0{,}01_{П1}+0{,}02_{П2}+К+40_{П13}+К80_{П14}}{\sum_1^n П13} \quad (1.4)$$

мұндағы,$П_1 \dots \dots П_{14}$ –берілген R_a сандық мәніне сәйкес кедір-бұдырлыққа ие беттердің саны.

$$Б_{ср.} = \frac{80\cdot6+50\cdot2+2\cdot25+10\cdot20+12{,}5\cdot8+(6{,}3+3{,}2++1{,}6)\cdot3}{32} = 28{,}15$$

$$К_ш = 1 - \frac{1}{28{,}15} = 0{,}96$$

Кедір-бұдырлық коэффициенті 0, 96≥1, 6 болғандықтан, бұйым технологиялы.

Құрылымдық элементтердің сәйкестендәру коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$К_{у.э.} = \frac{Q_{у.э.}}{Q}, \quad (1.5)$$

мұндағы, $Q_{у.э.}$ және Q – тетіктің сәйкестендірілген құрылымдық элементтерінің тиісті саны мен олардың жиынтық мөлшері, дана

$$К_{у.э.} = \frac{25}{32} = 0{,}78$$

Материалды пайдалану коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$К_{им} = \frac{q}{Q}, \quad (1.6)$$

мұндағы, q– тетік массасы, кг;

Q – дайындама массасы, кг.

$$К_{им} = \frac{8{,}5}{10{,}871} = 0{,}78$$

Болаттың өңделу коэффициенті

$$К_м = К_{гр} \cdot К_н \quad (1.7)$$

мұндағы, $К_{гр}$– топпен өңделу коэффициенті

$К_н$– қаттылықпен өңделу коэффициенті

$$К_м = 1 \cdot 0{,}95 = 0{,}95$$

Өңдеу квалитетінің ең үлкен мәні: 12

Өңделетін беттердің кедір-бұдырлық параметрлерінің ең үлкен мәні $R_z 50$

Сонымен, сапалық және сандық анализдерге сәйкес бұйымды технологиялы деп санаймыз.

1.3 Өндіріс типін анықтау

МЕСТ 14.0004-83 бойынша тізімнің реттілігімен, кеңдігімен, бұйым шығару көлемімен және тұрақтылығымен жаңа өндіріс әртүрлі типтерге бөлінеді: жаппай, ұсақ сериялы және сериялы.

Өндірістің берілген келесі түрі сериялы, бұл таңдауды жылдық бағдарламаға қарап жасаймыз. Шығарылған өнімнің тактісі мен сериялық коэффициенті келесі формулалармен анықтаймыз.

Оперцияны бекіту коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$К_з = \frac{\sum O}{\sum P}, \quad (1.8)$$

мұндағы, P− жұмыс орындарының саны,

O− жұмыс орнында бір айда орындалатын операциялар саны, келесі формуламен анықталады:

$$O = \frac{\eta_{зн}}{\eta_{зф}}, \quad (1.9)$$

мұндағы, $\eta_{зн}$− жабдықты жүктеудің нормативті коэффициенті,

$\eta_{зф}$− жұмысшы орынның жүктелуінің нақты коэффициенті, келесі формуламен анықталады:

$$\eta_{зф} = \frac{m_p}{P}, \quad (1.10)$$

мұндағы, m_p− білдектердің сандық мөлшері, келесі формуламен анықталады:

$$m_p = \frac{N \cdot T_{шт}}{60 \cdot F_{\partial} \cdot \eta_{зн}}, \quad (1.11)$$

мұндағы, N− шығарылымның жылдық бағдарламасы (40000 дана).

$T_{шт}$− д, мин.

Шығару тактісінің өлшемі төмендегі формуламен анықталады:

$$\tau = \frac{60 \cdot Ф_с}{N} = \frac{60 \cdot 2070}{40000} = 6{,}21 \text{ мин.} \quad (1.12)$$

Сериялық коэффициент келесі формуламен анықталады:

$$К_{сер} = \frac{\tau}{Т_{дана}}, \quad (1.13)$$

$$Т_{дана} = 6{,}21 \text{ мин.}$$

Сонымен,

$$К_{сер} = \frac{6{,}21}{82{,}29} 0{,}705$$

Өндіріс типі – сериялы, $К_{сер} < 2$

1.4 Бұйым өңдеу операциясы кезінде технологиялық базаларды таңдау

Базалау дегеніміз – таңдаған санау жүйесіне қатысты тетікті, дайындаманы, құрылым бірліктерін қажетті күй орнына келтіру процесі.

Технологиялық базаларды таңдау негізінен жалпы база таңдау принциптеріне сәйкес:

Құйма дайындамасына қаралай база таңдаймыз, ол тетіктің ең үлкен беті болады. Тетіктің бұл бетінің базасы, келесі операцияларда, қаралықты болдырмайды. Сонымен қатар, технологиялық базақұрылымдылық базасымен сәйкес келеді, ол өздігінен өлшеу қателігінің пайда болуын жоққа шығарады.

Тетіктің бұл өңделген беті кейінгі операцияларға база болып қалады. Келесі реттемеде база таңдаудың екінші принципін қолданамыз. Базаның бірізділігі дегеніміз барлық операцияларға бір база алу. Графикалық жұмыстағы екінші, үшінші, төртінші, бесінщі және жетінші реттемелерден базаның бірізділігін байқауға болады.

1.5 Механикалық өңдеу кезінде әдіпті есептеу

Машина жасау саласында беттің пішімін өңдеу көбіне кесу операция арқылы жүргізіледі. Бұл операциядан кейін, беттің кедір-бұдырлығы мен геометриялық өлшемдері экономикалық және дәлдігі тұрғыдан жоғарылайды. Кесу режимі барысында, дайындаманы берілген тетік параметрлеріне жеткізу үшін, жоңқаға айналатын металл қабатын қалдырамыз. Бұл металл қабаты әдіп деп аталады. Және бұл әдіп мөлшері мейлінше ұтымды болғаны дұрыс. Механикалық өңдеу операцияларында әдіпті таңдау көбінесе анықтамалық кестелер мен МЕСТ – тің нұсқалары негізінде таңдалады; Таңдалған әдіп технологиялық процеске және өңдеу жағдайларынада байланыспай, артық мәнге ие. Ол өздігінен материал шығыны және артық еңбек сыйымдылығына себеп болады. Осы кемшіліктерді ескеріп, механикалық өңлеу барысында В. М. Кован ұсынған әдіпті « есепті –аналитикалық әдіс » негізінде анықтаймыз.

Ол әдіс өңделіп болған бет пен өңделіп жатқан беттің технологиялық факторларын анализдеу негізінде құрастырылған. Әдіптің мәні мен әдіпті құрайтын элементтерді дифференциалдау арқылы есептеу негізінде анықталады. Әдіп есептеудің есепті- аналитикалық тәсілі әдіп анықтауда әрбір технологиялық әрекеттің әдібін (аралық әдіп) және олардың қосындысы жалпы әдіпті береді. Ең төменгі әдіп келесі формуламен анықталады:

$$z_{imin} = (R_z + h)_{i-1} + \Delta_{\sum i-1} + \varepsilon_1 \quad (1.14)$$

мұндағы, $\Delta_{\sum i-1}$– беттегі ауытқу шамасы

$$\Delta_{\sum ш-1} = \Delta_{\sum k} + \Delta_{CM} + \Delta_{\sum H} \quad (1.15)$$

$$\Delta_{\sum k} = \Delta_k \cdot 1 \quad (1.16)$$

$1 = 231$мм; $\Delta_k = 3$мкм.
$\Delta_{\sum k} = 231 * 0{,}003 = 0{,}693$мм – құю қисықтығы
$\Delta_{CM} = 1{,}1$мм – ауытқу
$\Delta_{\sum H} = \Delta_H * R_{\Delta \sum H} = \Delta_H \cdot R$
$\Delta_H - 0{,}5$ мкм 1 мм радиусқа ауытқу
$\Delta_{\sum H} = 17{,}5 * 0{,}005 = 0{,}0009$ мм;
$Z_{imin} = (0{,}4 + 0{,}25) + 2{,}699 = 3{,}389 \approx 4$мм деп қабылдаймыз.

Құю өлшемдері әдіптері:

$\emptyset 215 - 15$ мм;
$\emptyset 150 - 15$ мм;
$\emptyset 120 - 15$ мм;
$\emptyset 24 - 4$ мм;

Биіктігі 290- 10 мм;
Қалған өңделетін беттерге әдіптерді кестеден таңдаймыз.

1.6 Машиналық уақыт пен кесу режимін анықтау есебі

Операция: Фрезерлік операция есебі.
Станок: Фрезерлік білдек.Модель 6М616Ф11-22
Қондырғы: пневматикалық
Кесу құралы:Саусақты фреза D=125 мм, L=72 мм, d=6 мм, z=4, 715к6 МЕСТ 17025-71

Қосымша құрал: Бұрғылау центрі ф6, 3 МЕСТ 14952-85
Өлшеу құралы:L=326 мм

Кесу тереңдігін анықтау

$t = 3{,}8$ мм, ол әдіп мәніне тең.

Берілісті анықтау. Қатты қорытпалы, шетжақтаулы фрезамен қаралай жоңу үшін беріліс бойынша алынады. Берілісті білдектің қуаты мен өңделетін материалға және қатты қорытпа маркасына байланысты таңдаймыз. Қатты қорытпа маркасы Т15К6 деп алып, ал материалын бастапқы мәлімет бойынша шойын, станоктың қуаты шамамен 5 кВт теңестіреміз; Сонда беріліс мына аралыққа 0,09-0,18 мм/тіс тең. Біз осы аралықтың орташа мәні 0,18 мм/тіс алайық. Кесу жылдамдығын анықтау

$$\nu = \frac{C_V \cdot D^q}{T^m t^x S_z^y b^y Z^P} K_V = \frac{332 \cdot 125^{0.2}}{60^{0.2} \cdot 3.8^{0.1} \cdot 0.18^{0.4} \cdot 50^{0.2} \cdot 4} 0{,}69 = 53 \frac{м}{мин}. \qquad (1.17)$$

мұндағы, $K_{\upsilon=} K_{m\nu} \cdot K_{n\upsilon} \cdot K_{uv}$ –жалпы кесу жағдайын ескертіп түзету коэффициенті.

Өңделетін материал сапасын (физико- механикалық қасиетін) ескеретін коэффициентін [2] анықтаймыз:

$$K_{m\upsilon} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{n\upsilon} \cdot K_T = \left(\frac{750}{700}\right)^1 = 0{,}86 \qquad (1.18)$$

[2] бойынша коэффициенті $K_T = 1$ мен n_v =0,8 дәреже көрсеткішін таңдаймыз.

Дайындаманың бет қалпының әсерін ескеретін коэффициентін таңдаймыз [2]:

$$K_{nv} = 0{,}8 - 0{,}86$$

Кескішматериалы әсерін ескеретін коэффициент [2]:

$$K_{uv} = 1$$

Сол кезде, жалпы түзету коэффициенті:

$$K_\upsilon = 0{,}86 * 0{,}8 * 1 = 0{,}69$$

Тұрақтылық периодын фреза диаметріне қатысты таңдаймыз. Ф45 фреза үшін Т=45 мин [2].

$C_\upsilon = 332$ коэффициенті мен дәрежелері x= 0,1;q= 0,2; y= 0,4;u= 0,2; m= 062 [2] Т15К6 қатты қорытпалы кескіш үшін берілген.

Айналдырықтың айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000_\upsilon}{\pi \mathcal{D}} = \frac{1000 \cdot 53}{3{,}14 \cdot 125} = 135 \text{ айн/мин}. \qquad (1.19)$$

Білдек паспорты бойынша түзейміз:

$$n_{\partial} = 130 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын анықтаймыз:

$$\mathcal{V}_{\partial} = \frac{\pi \cdot \mathcal{D} \cdot n}{1000} = \frac{3{,}14 \cdot 125 \cdot 130}{1000} = 51 \frac{\text{м}}{\text{мин}}. \quad (1.20)$$

Минуттық берілісті табамыз:

$$S_{m=} S_z \cdot z \cdot n_{\partial} = 0{,}18 \cdot 4 \cdot 130 = 93{,}6 \frac{\text{мм}}{\text{мин}}. \quad (1.21)$$

Кесу күшін анықтаймыз:

$$P_z = 10 C_p t^x S_z^y v^n K_p = 10 \cdot 54{,}5 \cdot 3{,}8^{0{,}9} \cdot 0{,}18^{0{,}74} \cdot 51^1 \cdot 0{,}98 = 2517 \text{ Н} \quad (1.22)$$

$C_p = 54{,}5$ коэффициенті мен дәреже көрсеткіштерін x= 0,9 ; y= 0,7, n= 1; $q = 1$; w= 0 [2] кестеден таңдаймыз.

Өңделетін материал сапасын (физико- механикалық қасиеті) ескеретін коэффициентін [2] табайық:

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0{,}3} = \left(\frac{700}{750}\right)^{0{,}3} = 0{,}98 \quad (1.23)$$

Кесу режиміне керекті қуатты анықтаймыз:

$$N_в = \frac{P_z \upsilon}{1020 \cdot 60} = \frac{2517 \cdot 51}{1020 \cdot 60} = 2 \text{ кВт} \quad (1.24)$$

Операцияның негізгі уақыты:

$$T_o = \frac{L_{px}}{S_м} \cdot i = \frac{33}{93{,}6} \cdot 3{,}8 = 1{,}3 \text{ мин.} \quad (1.25)$$

Операция: Фрезерлік операция есебі.

Білдек: Фрезерлік білдек. Модель 6М61Ф11-226

Қондырма: пневматикалық

Кесу құралы: Саусақты фреза D= 150 мм, L= 79; z= 4, 175к6

МЕСТ 17025-71

Қосымша құрал: Бұрғылау центрі ф6,3 МЕСТ 14952-85.

Өлшеу құралы: L=326 мм

Кесу тереңдігін анықтау:

t=2,5 мм, әдіп мәніне тең.

Берілісті анықтау. Шетжақтаулы қатты қорытпалы фрезамен қаралай жоңу үшін беріліс кесте [2] бойынша алынады. Берілісті білдектің қуатына, қатты қорытпа маркасына және өңделетін материалына байланысты

анықтаймыз. Қатты қорытпа маркасын Т15К6, материалын бастапқы мәлімет бойынша шойын деп аламыз, білдектің қуатын шамамен 5 кВт теңестіреміз; Сол кезде беріліс келесі аралықта 0,09-0,18 мм/айн блолады. Бұл орташа мәні 0,09 мм/тіс таңдаймыз.

Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_V \cdot D^q}{T^m t^x S_z^y b^v Z^P} K_V = \frac{445 \cdot 150^{0.2}}{120^{0.32} \cdot 2.5^{0.15} \cdot 0.09^{0.35} \cdot 50^{0.2} \cdot 4} 0.69 = 42 \frac{м}{мин}.$$

мұндағы, $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын есепке ала отырып, түзету коэффициенті.

Өңделетін материал сапасын, физикалық және механикалық қасиеттерін сипаттайтын коэффициент[2]:

$$K_{мv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{700}\right)^1 = 0.86$$

Кестеге [2] сәйкес K_T =1 коэффициенті мен n_v =0,8 дәреже көрсеткіштерін анықтаймыз.

Дайындаманың бет қалыпы ықпалын ескеретін коэффициент [2]:

$$K_{nv} = 0{,}8 - 0{,}86$$

Кескіш материалы әсерін есепке алатын коэффициент [2]:

$$K_{uv} = 1$$

Сол кезде, жалпы түзету коэффициенті:

$$K_v = 0{,}86 * 0{,}8 * 1 = 0{,}69$$

Тұрақтылық периодын фреза диамеріне қатысты таңдаймыз ф45 фреза үшін Т= 120 мин [2].

C_v=445 коэффициенті мен x=0,15, q=0,2, y=0,35, u=0,2, m=0,32 дәрежелері [2] Т15К6 қатты қорытпалы кескіш үшін берілген.

Айналдырық айналу санын анықтайық:

$$n = \frac{1000_v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 64{,}3}{3{,}14 \cdot 150} = 137 \frac{айн}{мин}.$$

Білдек паспорты бойынша түзейміз:

$$n_\partial = 140 \frac{айн}{мин}.$$

Нақты кесу жылдамдығын есептейміз:

$$v_{\partial} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3{,}14 \cdot 150 \cdot 140}{1000} = 66 \frac{м}{мин}.$$

Минуттық берілісті анықтайық:

$$S_m = S_z \cdot z \cdot n_{\partial} = 0{,}1 \cdot 4 \cdot 140 = 56 \frac{мм}{мин}.$$

Кесу күшін есептейміз:

$$P_z = 10 C_p t^x S_z^y v^n K_p = 10 \cdot 54.5. \cdot 3^{0.9} \cdot 0{,}1^{0,74} \cdot 66^1 .0{,}98 = 1731 H;$$

C_p=54,5 коэффициені мен x=0,9, y=0,74, n=1, q=1, w=0 дәрежеде көрсеткіштерін [2] кестеден таңдаймыз.

Өңделетін материал сапасын, физикалық және механикалық қасиеттерін ескеретін коэффициент [2] анықтаймыз.

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0,3} = \left(\frac{700}{750}\right)^{0,3} = 0{,}98$$

Кесу режиміне керекті қуатты есептейміз:

$$N_B = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{1731 \cdot 66}{1020 \cdot 60} = 1.87 \text{ кВт}$$

Негізгі операциялық уақытты анықтаймыз:

$$T_o = \frac{L_{px}}{s_m} \cdot i = \frac{203}{56} \cdot 3 = 1 \text{ мин.}$$

Операция: Ажарлау операциясының есебі.

Станок: Ажарлау станогы. Модель 3У10В

Қондырма: шылбыр центрлі қысқыш

Ажарлау құралы: тас

Қосымша құрал: Патрон 1-50-15-90 МЕСТ 26539-85.

Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

Кесу тереңдігін анықтау. Ажарлау операциясы кезінде ажарлау тереңдегі 0,01-0,0125 мм аралығында болады.

Берілісті анықтау. Ажарлау операциясына шектеулер қойылмаған кезде максималды берілісті анықтаймыз.[2] кесте бойынша: S = 0,3-0,7 мм/айн

Нақты берілісті анықтағанда коэффициент B=20-ны ескеретін болсақ:

$$s = 0{,}5 \times 20 = 10 \frac{мм}{жур}.$$

Айналу жылдамдығын анықтау:

$$v_k = 30 - 35 \frac{м}{мин}.$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз:

$$v_{\partial} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3{,}14 \cdot 50 \cdot 200}{1000} 31{,}4 \frac{м}{мин}.$$

Осьтік күшін анықтау:

$$P_o = 10C_p\, D^q S^y K_{mp} = 10 \cdot 42 \cdot 50^{12} \cdot 0{,}5^{0{,}75} \cdot 0{,}72 = 1944\ Н$$

C_p=42 коэффициенті мен y=0,75, q=1,2 дәрежелер көрсеткіштерін [2] кестеден аламыз.

Айналу моментін есептейміз:

$$M_{kp} = 10C_M \cdot D^q \cdot S^y \cdot K_p = 10 \cdot 0{,}012 \cdot 50^{2{,}2} \cdot 0{,}5^{0{,}8} \cdot 0{,}72 = 26{,}9$$

C_M=0,012 коэффициенті мен y=0,8, q=2,2 дәрежелер көрсеткіштерін [2] кестеден аламыз.

Ажарлау режиміне қажетті қуатты іздейміз:

$$N = C_n t^x S^y v^r d^q = 1{,}3 \cdot 30^{0{,}75} \cdot 0{,}31^{0{,}85} \cdot 10^{0{,}7} = 31\ кВт$$

Операцияның негізгі уақыты кесте бойынша:

$$T_o = 4{,}99\ мин.$$

Операция: Бұрғылау орперациясының есебі.

Станок: Радиалды бұрғылаушы. Модель 2А576

Қондырма: СПО-161 кондукторы

Кесу құралы: Бұрғы d6 МЕСТ 12122-77.

Қосымша құрал: Патрон 1-50-15-90 МЕСТ 26539-85.

Өлшеу құралы: ШЦ I-125 МЕСТ 166-89.

Кесу тереңдігін анықтау. Бұрғылау операция кезінде кесу тереңдігі төменгі формула бойынша анықталады:

$$t = 0{,}5 \cdot D = 0{,}5 \cdot 6 = 3\ мм$$

Берілісті анықтау. Бұрғылау операциясына шектеулер қойылмаған кезде максималды берілісті тағайындаймыз. [2]бойынша S= 0,13-0,19 мм/айн. Біз ең үлкен мәнді 0,19 мм/айн аламыз.

Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_V D^q}{T^m S^y} K_V = \frac{9{,}8 \cdot 25^{0{,}4}}{60^{0{,}2} \cdot 0{,}5^{0{,}5}} 0{,}91 = 20 \frac{м}{мин}.$$

мұндағы, $K_v = K_{мv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$- жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын физика-иеханикалық қасиеті бойынша ескеретін коээфициенті:

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{nv} \cdot K_T = \left(\frac{750}{830}\right)^{-0{,}9} = 0{,}91$$

$$K_T = 1 n_v = -0{,}9. [2]$$

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент:

$$K_{nv} = 1[2]$$

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті:

$$K_{uv} = 1[2]$$

Жалпы түзету коэффициенті:

$$K_v = 0{,}91$$

C_v=9,8 коэффициенті мен x=0,4, y=0,5, m=0,2 дәрежелері [2] кестеде берілген.

Тұрақтылық периоды

$$T = 60[2]$$

Айналдырықтың айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 20}{3{,}14 \cdot 25} = 254 \frac{\text{айн}}{\text{мин}}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_{\partial} = 250 \frac{\text{айн}}{\text{мин}}.$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_{\partial} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3{,}14 \cdot 25 \cdot 250}{1000} = 19{,}6 \frac{\text{м}}{\text{мин}}.$$

Осьтік күшін анықтау:

$$P_o = 10 c_p D^q s^y K_{mp} = 10 \cdot 68 \cdot 25^1 \cdot 0{,}5^{0{,}7} \cdot 1{,}07 = 10914 \text{ Н}$$

C_p=68 коэффициенті мен y=0,7, q=1 дәрежелер көрсеткіштерін [2] кестеден аламыз.

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0{,}75} = \left(\frac{830}{750}\right)^{0{,}75} = 1{,}07$$

Айналу моментін есептейміз:

$$M_{кр} = 10 C_M \cdot D^q \cdot S^y \cdot K_p = 10 \cdot 0{,}034525^2 \cdot 0{,}5^{0{,}8} \cdot 1{,}07 = 132 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

C_M=0,0345 коэффициенті мен y=0,8, q=2 дәрежелер көрсеткіштерін [2] кестеден аламыз.

Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_в = \frac{M_{кр} \cdot n}{9750} = \frac{132 \cdot 250}{9750} = 3{,}38 \text{ кВт}$$

Операцияның негізгі уақытын есептеу:

$$T_o = \frac{L_{px}}{n * s_0} i = \frac{200}{250 * 0{,}5} 1 = 1{,}6 \text{ мин.}$$

Операция:Бұрғылау операциясының есебі.

Станок: Радиалды бұрғылаушы. Модель 2А576

Қондырма: СПО-161 кондукторы

Кесу құралы: Бұрғы d12 МЕСТ 10903-77.

Қосымша құрал: Патрон 1-50-15-90 МЕСТ 26539-85.

Өлшеу құралы: ШЦ I-125 МЕСТ 166-89.

Кесу тереңдігін анықтау

Бұрғылау операция кезінде кесу тереңдігі төменгі формула бойынша анықталады:

$$t = 0{,}5 \cdot D = 0{,}5 \cdot 28 = 14 \text{ мм}$$

Берілісті анықтау. Бұрғылау операциясына шектеулер қойылмаған кезде максималды берілісті тағайындаймыз. [2] кесте бойынша: S= 0,49-0,58 мм/айн. Біз ең үлкен мәнін 0,58 мм/айн аламыз.

Кесу жылдамдығын анықтау.

$$v = \frac{c_V D^q}{T^m S^y} K_V = \frac{9{,}8 \cdot 12^{0,4}}{60^{0,2} 0{,}58^{0,5}} 0{,}91 = 14 \frac{м}{мин}.$$

мұндағы, $K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын физика- механикалық қасиеті бойынша ескеретін коэффициенті:

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{nv} \cdot K_T = \left(\frac{750}{830}\right)^{-0,9} = 0{,}91$$

$$K_T = 1, n_v = -0{,}9 \text{ [2]}$$

Дайындаманың бет қалыпынан әсерін ескеретін коэффициент:

$$K_{nv} = 1 \text{ [2]}$$

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті:

$$K_{uv} = 1 \text{[2]}$$

Жалпы түзету коэффициенті:

$$K_v = 0{,}91$$

C_v=9,8 коэффициенті мен x= 0,4, y= 0,5, m= 0,2 дәрежелері [2] кестеде берілген.

Тұрақтылық периоды

$$T = 60 \text{[2]}$$

Айналдырықтың айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 14}{3{,}14 \cdot 12} = 371 \frac{айн}{мин}.$$

Білдек паспорты бойынша түзетеміз:

$$n_\partial = 370 \frac{айн}{мин}.$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз:

$$v_\partial = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3{,}14 \cdot 12 \cdot 370}{1000} = 14 \frac{м}{мин}.$$

Осьтік күшін анықтау:

$$P_o = 10 C_p D^q S^y K_{мр} = 10 \cdot 68 \cdot 12^1 \cdot 0.58^{0.7} \cdot 1.07 = 5963 \text{ Н}$$

C_p= 68 коэффициенті мен y= 0,7 , q= 1 дәрежелер мен көрсеткіштерін [2] кестеден аламыз:

$$K_{мр} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0,75} = \left(\frac{830}{750}\right)^{0,75} = 1{,}07 \text{ [2]}$$

Айналу моментін есептейміз:

$$M_{кр} = 10 C_M \cdot D^q \cdot S^y \cdot K_p = 10 \cdot 0{,}034512^2 \cdot 0{,}58^{0,8} \cdot 1{,}07 = 34{,}4 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

C_M= 0,0345 коэффициенті мен y= 0,8, q= 2 дәрежелер көрсеткіштерін [2] кестеден аламыз.

Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_B = \frac{M_{kp} \cdot n}{9750} = \frac{34{,}4 \cdot 370}{9750} = 1{,}3 \text{ кВт}$$

Операцияның негізгі уақытын есептеу:

$$T_o = \frac{L_{px}}{n * S_0} i = \frac{28}{370 * 0.58} 1 = 0{,}1 \text{ мин.}$$

Операция: Бұрама салу операциясының есебі.

Станок: Радиалды бұрғылаушы. Модель 2А576

Қондырма: СПО-161 кондукторы

Кесу құралы: Бұрғы d12 МЕСТ 10903-77.

Қосымша құрал: Патрон 1-50-15-90 МЕСТ 26539-85.

Өлшеу құралы: ШЦ I-125 МЕСТ 166-89.

Кесу тереңдігін анықтау. Бұрғылау операция кезінде кесу тереңдігі төменгі формула бойынша анықталады:

$$t = 0{,}5 \cdot D = 0{,}5 \cdot 24 = 12 \text{ мм}$$

Берілісті анықтау. Бұрғылау операциясына шектеулер қойылмаған кезде максималды бноілісті тағайындаймыз. [2] кесте бойынша : S= 0,49-0,58 мм/айн. Біз ең үлкен мәнін 0,5 мм/айн аламыз.

Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_V D^q}{T^m S^y} K_V = \frac{9{,}8 \cdot 12^{0{,}4}}{120^{0{,}2} \cdot 0{,}5^{0{,}5}} 0{,}91 = 13{,}3 \frac{\text{м}}{\text{мин}}.$$

мұндағы, $K_v = K_{мv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын физика- механикалық қасиеті бойынша ескеретін коэффициенті:

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B}\right)^{nv} \cdot K_T = \left(\frac{750}{830}\right)^{-0{,}9} = 0{,}91$$

$$K_T = 1, n_v = -0{,}9. [2]$$

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент:

$$K_{nv} = 1[2]$$

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті:

$$K_{uv} = 1[2]$$

Жалпы түзету коэффициенті:

$$K_v = 0{,}91$$

C_v= 9,8 коэффициенті мен x= 0,4, y= 0,5, m= 0,2 дәрежелері [2] кестеде берілген.

Тұрақтылық периоды

$$T = 60[2]$$

Айналдырықтың айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 13{,}3}{3{,}14 \cdot 12} = 353 \frac{\text{айн}}{\text{мин}}.$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз:

$$n_\partial = 350 \frac{\text{айн}}{\text{мин}}.$$

Нақты кесу жылдамдығы табамыз :

$$v_{\partial} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3{,}14 \cdot 12 \cdot 350}{1000} = 13{,}1 \frac{м}{мин}.$$

Осьтік күшін анықтау:

$$P_o = 10C_p D^q S^y К_{мр} = 10 \cdot 68 \cdot 12^1 \cdot 0{,}5^{0{,}7} \cdot 1{,}07 = 5868\ Н$$

$C_p = 68$ коэффициенті мен y= 0,7 , q= 1 дәрежелер көрсеткіштерін [2] кестеден аламыз.

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750}\right)^{0{,}75} = \left(\frac{830}{750}\right)^{0{,}75} = 1{,}07\ [2]$$

Айналу моментін есептейміз:

$M_{кр} = 10C_M \cdot D^q \cdot S^y \cdot K_p = 10 \cdot 0{,}034512^2 \cdot 0{,}58^{0{,}8} \cdot 1{,}07 = 36\ Н$

C_M= 0,0345 коэффициенті мен y= 0,8, q= 2 дәрежелер көрсеткіштерін [2] кестеден аламыз.

Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз:

$$N_B = \frac{M_{кр} \cdot n}{9750} = \frac{36 \cdot 350}{9750} = 1{,}29\ кВт$$

Операцияның негізгі уақытын есептеу:

$$T_o = \frac{L_{px}}{n \cdot s_0} i = \frac{24}{350 \cdot 0{,}5} 1 = 0{,}15\ мин.$$

1.7 Бастапқы дайындаманы таңдау

